

## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Элис Манроның «Жексенбі  
күні» және «Жалдамалы қыз»  
шығармаларындағы әлеуметтік тап  
мәселесі



**Мақсаты:** Элис Манроның «Жалдамалы қыз» әңгімесінің екі нұсқасының арасындағы айырмашылықты Исла Дунканның салыстырмалы талдауы арқылы қарастыру.

**Тірек сөздер:** тап, әлеуметтік шиеленіс.

Антология құрастырушылары Джулия Ривкин мен Майкл Райан Исла Дунканның канадалық жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты Элис Манроның «Жексенбі күні түстен кейін» және «Жалдамалы қыз» әңгімелеріндегі әлеуметтік тап туралы талдауымен танысуды ұсынады.

Доктор И. Дункан Чичестер университетінде Канада әдебиеті және қазіргі әйел әдебиетінен дәріс оқиды.

Исла Дунканның талқылауға ұсынылып отырған мақаласында «Жексенбі күні түстен кейін» және «Жалдамалы қыз» әңгімелеріне талдау жасалынған. Алғашқы әңгіме 1994 жылы, екінші әңгіме содан 12 жылдан кейін жарық көрген.

«Жалдамалы қыз» әңгімесінде Э. Манро әңгімеші кедейлер туралы суреттейді. Бұл әңгіменің екі нұсқасы бар, екеуінде де әлеуметтік таптар, атап айтсақ, қожайындар мен үй қызметшілердің арасындағы қақтығыс сипатталады. Алайда бір әңгіменің екі нұсқасын талдағанда, әлеуметтік таптардың қақтығысы, бас кейіпкерлердің бейнелері, оқиғалардың суреттелуі әрі автор, әрі кейіпкер тұрғысынан әртүрлі болғаны анықталды.

Исла Дунканның талдауына Элис Манроның әлеуметтік сынды ушықтыра түсу үшін өзінің әңгімесіне енгізген өзгертулері негіз болған. Жазушы суреттейді, ал Исла Дункан «тосқауылдар» мен оның байлар мен кедейлер арасындағы қарым-қатынастардан көріну формаларын зерттейді.

Манро ендірген өзгертулер, Исла Дунканның ойынша, түбегейлі талдауды қажет етеді, себебі, автордың әлеуметтік теңсіздік мәселесіне мақсатты түрде көңіл аударғанын көрсетеді.

## Жексенбі күні

Элис Манро Онтариода, Уингемде дүниеге келген. Жазушының көптеген идеялары күнделікті көріп жүрген жерлестерінің өмірінен алынып, әңгімелері мен мемуарларына арқау болған. Жазушының өз естеліктеріне сүйенсек, университетке кетер алдында Элис Лэйдло Торонтоның ең бай аудандарының бірінде тұратын Роздейл отбасында қызметші болып жұмыс жасаған. Роздейлдердің Джорджиан-Бейдегі аралдардың бірінде жазғы коттеджі болатын. Манро бай қожайындардың қолында қызмет ете жүріп, өзін «қоршаған ортадағы басқа адамдардан бөлек сезінетінін, бұл таптық айырмашылық түсінігін қалыптастырғанын» айтады. Жазушы: «Бәлкім, бұл менің өмірімдегі ең маңызды тәжірибе болған шығар, себебі, мен таптық айырмашылықтарды жан-жақты көріп, қалыптастым... Үй шаруашылығында қызметші болу .... қоршаған орта мен қоршаған әлемді «тосқауыл» арқылы көру» деген сөз», – деп жазады.

Элис Манро бұндай «тосқауылға» ерте жасынан таңғалып өсті. Әрине, алғашында көзге айқын көрінбейтін «тосқауылдар» байлар мен кедейлер әлемінің арасында шегара болып тұрды. Сөйтіп, көптеген жазушылардың әңгімелеріне арқау болған. Үй қызметшісі болып жүріп сусындаған тақырып кейіннен оның «Жексенбі күні» әңгімесіне сюжет болады. Дегенмен Элис Манроның «Жексенбі күні түстен кейін» әңгімесі сыншылардың назарын аударма қоймады. Джордж Вудлок өзінің Манро шығармашылығындағы реализм мәселесіне арналған жұмысында бұл оқиғаны «әрбір канадалық жазушы үшін саналы бола алатын кішігірім әлеуметтік зерттеу» болып табылатынын ескереді.

Элис Манро 1994 жылы үй қызметшісінің оқиғасын қайтадан сипаттап, «Жалдамалы қыз» әңгімесінің бірінші нұсқасына сюжет етіп алады.

## Редакция 1: Жалдамалы қыз

Миссис Ганнет пен оның үй қызметшісі Альваның әлемдерінің сәйкессіздігі, И. Дунканның сөзіне сүйенсек, қарама-қайшылықтар мен кереғарлықтар сериясы ретті жолмен ашылады.



Сарайдың ішкі жағынан Альва еститін дауыстар оған еркін болуға немесе босаңсуға рұқсат бермейтінін жақсы түсінеді. «Стақанның түбінен де» ішіп көрмеген «жақсылықтар» оған бақуаттылық пен бақытты қиялдауға итермелейді. Альва өзінің мына үйреншікті униформасында мүшкіл күйде екенін, кубалық өкшелі ақ түсті аяқ киімі «ауырлап басатынын», өзіне берілген шағын ғана бөлмесінен басқа жерде байланыспайтын дүниелерді байланыстыра алмайтынын жақсы түсінеді.

Үй қызметшісі мен оның қожайынының өміріндегі айырмашылық мына екі сөйлемнен көрініп тұр: «Ол үйден аттап ешқайда шыға алмайтын, себебі, кез келген уақытта миссис Ганнеттке бір нәрсе керек болып қалуы мүмкін еді. Және оның сыртқа шығуына болмайтын, себебі көшеде олар болатын». Сөйлемдер құрылымы бір-біріне ұқсас, өткені екеуі де координатты сөйлемдерден тұрады: бірінші сөйлем – болымсыздықты білдірсе, екіншісі біріншісін түсіндіріп тұр. Сөйтіп, Монро екі қарама-қайшылықты: еріктілік пен түрмеге жабылу, ішкі және сыртқы қайшылықты суреттейді.

Оқиға диететикалық әңгімелеу арқылы – Альваның оқиғаға көзқарасы тұрғысынан суреттелген. Оқырман Альваның не сезінетінін, оның қаншалықты бейшара екенін, тек бұйрықтарды орындауға ғана жаралғанын бірге басынан кешіреді.

Миссис Ганнеттің жиені дәмеленіп, тиісе бастағанда, Альва өзінің олар үшін адам емес, зат екенін ерекше сезінеді. Әңгімедегі бұл үзінді Манроның көптеген әңгімелерінің соңы секілді сол күйі аяқталмай, түсініксіз қалып қояды. Әңгімеші Альваның жаздың мамыражай кешінде жас жігітпен кездесуінен толқып жүргенін де сипаттайды. Оқырман басты кейіпкердің қуанышына қуанады, алайда Дункан Ильдико Каррингтонның бағалауына келісіп, Альваның еркіндікке талпынысы оның әлі де болса, теңсіздікте өмір сүріп жатқанын дәлелдейтінін айтады.

Оқиға «қорлау» сөзімен аяқталады: Альва «жаңаны және бейне бір құпияны» әлі де күтіп отыр. Альваның сүйіктісімен кездесуін тереңірек қарастырудан әлеуметтік теңсіздіктің іздерін көруге болады. Миссис Ганнеттің есімі белгісіз туысының немере жиенінің императивті құқықтары бар болғандықтан, Альва келгенде оған өзіне қызметші болғаны үшін әрдайым алғыс айтуы керектігін талап етеді. Бірақ ол сарайдан сыртқа шығысымен, Альваның өмірде болғанын да ұмытып кете береді: «әсем бейнесімен, кейбір адамдарға тән құпиялығымен ол көшелерден маңғаздана өтті». Осы шағын ғана көріністен Альва бойсұнатын маңғаздық пен өркөкіректікті байқауға болады.

## Редакция 2: Жалдамалы қыз

Әңгіменің екінші редакциясында әңгімеші Альваға қарағанда, әлдеқайда дамыған кейіпкер туралы сөз етеді. Ол әңгіменің басынан бастап-ақ өзінің үй қызметшісі рөліне көңілі толмайтынын, әсіресе қожайыны миссис Монтжойды суқаны сүймейтінін білдіреді. «Жалдамалы қыздың» алғашқы нұсқасынан 10 жыл өткен соң жарияланған екінші өзгертілген нұсқасында Манро қолайсыздық пен антипатия сезімдерін тереңдете береді: ол қожайын мен үй қызметшісі арасындағы айырманы кеңейтеді, миссис Монтжой мен жазғы коттедждегі оның қонақтары арасындағы тәрбие мен әлеуметтік тәрбиесіздікті қатты сынға алады. Манро әңгімешінің байқампаздығын ерекше атап, бақылаушы мен бақылау нысаны арасындағы айырманы сыни тұрғыдан зерттеуге болатынын айтады.

1994 жылы жарияланған «Жалдамалы қыз» нұсқасы мен 2006 жылы жарияланған екінші нұсқа арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Әдеби лингвистиканың, прагматика мен сыпайылық теориясының ережелеріне сүйене отырып, Исла Дункан бұл айырмашылықтарды миссис Монтжой мен әңгімешіні суреттеу арқылы көрсетуге тырысады: әңгімешінің басқа кейіпкерлермен өзара байланысы; әңгімешінің өзінің әлеуметтік мәртебесі туралы түсініктемесі. «Манро өз әңгімелері арқылы оқырманға таптық айырмаға ерекше назар аударуды жүктеп отыр», – дейді И. Дункан өз зерттеулерінде.

Сипаттау құралдарының бірі ретінде кейіпкерлердің тілі қолданылады. Миссис Монтжой әңгіменің төрт максимумдарының біріне немқұрайлы қарайды. Ал бұл – философ Х.П. Гристің сөзіне сүйенсек, ынтымақтастық ұстанымын білдіретін максимумдар. Гристің ауызекі импликаурасы теориясының төрт максимумы, яғни сөйленген сөздердің семантикалық мағынасының аясынан тыс мағынасы сапаға емес, санға қатысты болып тұр.



Әңгімені жеткізушінің өзі әбден үрейленіп, қайықтың екі жақтауынан мықтап ұстап алыпты. Оның дені сау еместігі айқын: сөйте тұра миссис Монтжой жалданып отырған қыздың көңіл күйін сұрап, мысқылдап тұр. Бұл жерде, біріншіден, ол онсыз да жауабы айқын сұрақ қойып, ақымақтық жасап тұр. Екіншіден, өзінің уайымдап отырғанын көрсетіп отырған сыңайлы, десек те бұл – жанашырлық емес, қорлаудың белгісі. Өзін біршама ауру сезіне тұра, дені сау жас қызға осындай сұрақ қоюы – бұл кейіпкердің адал әрі мейірбан еместігін дәлелдесе керек.

### Үшінші жақ

Әңгіменің екі нұсқасында да миссис Монтжой әңгімені жеткізушіні жай ғана үй қызметшісі, жазда көмек беру үшін жалданған «ешкім» емес деп қабылдағаны көрінеді. Кейінгі нұсқада Манро қартаң тартқан әйелдің үй қызметшісіне деген қарым-қатынасын тереңірек сипаттап көрсетеді. Үй қызметшісі туралы сөзеткенде, миссис Монтжой 3-жақтағы есімдікті пайдаланады. Бұл, сөзсіз, субъектілердің адамилығына нұсқан келтіріп тұр.

Миссис Монтжойдың өз үй қызметшісіне менсінбей қарауының тағы бір айғағы – оның күйеуіне жоғалтып алған кітабын табуға көмектескен үзіндісінен көрінеді. Кітапты үй қызметшісі кей кездері алып оқитын, мистер Монтжой бұл кітапты біртүрлі көретін (Исаак Динесеннің «Жеті готикалық ертегісі»). Ал әйелі бөлмеге кіргенде: «Бізге бұл бөлмеден кетіп, оған ары қарай шаңсорғышпен жұмыс істеуіне мүмкіндік берейік», – деп жеккөрушілікпен айтып кетеді (2006 ж. редакция).

1994 жылғы редакциясында ол бұны басқаша жеткізген: «Бізге кету керек – Эльза шаңсорғышпен жұмыс істеуі керек». «Мәтіннің бұндай өзгерісінде біздің назарымызды аударатын екі мәселе бар, – деп есептейді Дункан, – олардың екеуі де әңгіменің екінші нұсқасында миссис Монтжой өзінің мәртебесінің жоғары екенін көрсетіп, дәрекілік танытуына дәлел болады».

Оқырман әңгіменің бірінші нұсқасында әңгімені жеткізушінің есімі бар екенін біледі, алайда екінші нұсқасында оның есімі айтылмаған. И. Дункан бұндай анонимділіктің себебі бар деп есептейді.

Үшінші жақтағы есімдікті қолдану – үлгілік болып саналады. Оқиға екі адам туралы болғанмен, үшінші жақтың бар екені көрінеді. Өртүрлі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері үшін жалпы терминді талқылау барысында Лион үшінші жақтың грамматикалық категориялары, оның бірінші және екінші жаққа қатысы туралы ескертеді. Ол былай жазады: «Драмада тек бірінші жақтың (шешен) және екінші жақтың (адресат) бар екенін айта кету керек. «Үшінші жақ» термині бірінші және екінші жақтарға қарағанда, негативті: ол қатысушының оң рөліне қатысты емес».

Қазіргі ағылшын тіліндегі жіктеу есімдіктерінің құрамында британ тілшісі Кэти Уэльс үшінші жақ формасы мен сөйлеу рөлдерін қарастырады. Ол әрқилы контекстердегі қарым-қатынастардың түрлері көп екенін жазады. Сыпайылық кодексінде, Уэльстің айтуынша, адамның есімі есімдікке қарағанда, ұнамдырақ: сөйлеуші бұл кодексті ұялғаннан немесе тіпті, ашуланғаннан бұзуы мүмкін. Миссис Монтжой өзінің үй қызметшісіне экзофориялық (ауытқу) қарым-қатынас жасағанда, әдептіліктің барлық ережелерін бұзып жатыр. Оның себебі, миссис Монтжой өзін ыңғайсыз сезініп тұр немесе тіптен ашуланып тұр. Сондықтан жас үй қызметшісін өздерінің әңгімесіне араласуға лайықсыз көреді.

### Кеңістіктер шегарасы

«Жексенбі күні» әңгімесіндегі миссис Ганнетт секілді, миссис Монтжой да жалдамалы қыз бен өзінің отбасы және қонақтары арасындағы кеңістіктік шегараны ажыратып алғысы келеді. Жалдамалы қыз жұмыс жасамай тұрған кезде, қызмет етіп тұрғандағыдай мәртебеге ие болмайтынын жақсы түсінеді әрі оқырман да түсіне түседі. Қызметші өзінің тамағын палубаға апара жатқанда, қожайыны оған: «Үш тәрелке анда тұр ма? Иә, екеуі палубада, ал сенікі – міне» дейді. Бұл жерде, автор қызметші мен қонақтар арасындағы кеңістікті, яғни лайық орынды



көрсетіп тұр. 2006 жылғы әңгіменің жаңа нұсқасында қожайындар мен қызметшілердің территориясы белгіленген. Территория Манроның әңгімесінің екінші нұсқасында айқын белгіленген.

### Таптардың шегарасы

Қызметші қыз бен қожайынның он жасар қызы Мэри Эннмен қарым-қатынасына миссис Монтжой белгілі бір шектеулер қояды. Кішкентай қыз қызметшіден спорт туралы сұрағанда, ол: «Менің танитымдарымның қолы босамайтыны сонша, спортпен айналысуға уақыты да жоқ» – деп жауап беріп, туған ауылындағылардың өмірі, кедейлігі мен жұмыстарын түбегейлі суреттей бастайды. Байлардың өмірі мен кедейлердің өмірі арасында табиғи әділетсіздік орнағанын көрсету үшін қызметші қыз асыра сілтеп сипаттайды. Әңгіменің алғашқы нұсқасында әңгімелеуші отызыншы жылдарда бұл қалада теннис алаңы мен гольфке арналған алаң болғанын, қала тұрғындары онымен мақтанғанын жазады. Ал өзгертілген нұсқасында қаланың өндірістік және қаржылық құлдырауға ұшырағанын жазады. Мұндағы «отызыншы жылдарда» деген уақыт көрсеткіші көрерменге әрі мағыналық, әрі эмоционалды әсер беріп тұр.

Жас әрі әсершіл кішкентай Мэри Эннге әсер ету үшін әңгімелеуші өз өмірінің қиындықтарын асыра сілтеп, суреттейді. Асыра сілтеп, сипаттау арқылы әңгімелеуші өзі мен қожайынның қызының арасында, әсіресе қызметінде айтарлықтай айырма бар екенін көрсеткісі келеді. Біреудің өмірінің екіншісінен өзгеше екенін көрсетуде ақиқаттылық жоқ екенін де айта кетейік. «Жалдамалы қыз» әңгімесінде әңгімені жеткізуші кейіпкер өзінің кедейлігіне ұялып немесе қайғырып отырған жоқ; ол оқырмандарды кедейлердің бастарына түскен қиындықтарға қалай шыдап жатқанын көрсетіп жатыр.

Әңгімені жеткізуші кейіпкер оқырмандардың санасына әсер ете алды. «Бұл – әділетсіздік қой, – деді Мэри Энн, – Бұл дегенің – сұмдық қой. Мен адамдар бақбақтың жапырақтарын жеп, күнелтеді деп ойламаппын». Одан кейін бәрі айқындала түсті. «Неге олар балық аулап күнелтпейді?». 1994 жылғы нұсқасында автор сөйлемді осы мағынасында қолданады, тек «айқындалды» деген етістіктің орнына «қосты» деген сөзді пайдаланады. Манро Мэри Эннге кедейлердің өмірлерін көзге елестетіп көру ойынын ойнауды ұсынады. Бірақ кішкентай қыз қанша тырысса да, кедейлердің өмірін көзге елестете алмайды. Себебі байлар мен кедейлердің өмірі салыстыруға да, көзге елестетуге де келмейді. Әңгімелеуші-кейіпкер асыра сілтеп жіберіп, суреттегенін мойындағанмен, кедейлердің бақбақтың жапырағын жеп күнелтетінін жалған деп айтпайды.

Әңгімелеуші-кейіпкердің таптар арасындағы айырмашылықты көрсетуге ниеттенуін оның үйдің асханасын суреттеуінен көруге болады: «Мен оны жеккөрушіліктен, құдды бір бағалы затты қорғағандай, қорғауым керек болды...».

1994 жылғы нұсқасында бұл тарау былайша беріледі: «Мен оны басқалардың жеккөруінен, құдды бір бағалы затты қорғағандай, қорғауым керек болды...».

Манро өзінің редакциясына өзгерістер енгізді. Біріншіден, ол «жеккөрушілік» сөзін алды: риторикалық тәсілді қолданып, «анадиплоз» деген терминді қолданды. Сөйлемде оқырманның назары осы сөзге түседі. Ал екінші нұсқада мәтінді өзгерткендіктен, жеккөрушіліктің дереккөзіне түседі. Алғашқы нұсқада Манро жеккөрушілікті Монтжойдың «мұз боп қатқан жүрегінен» іздесе, екінші нұсқасында кез келгеннің бойындағы рефлексивті, жасырын реакция деп сипаттайды.

И. Дунканның ойынша, Манро енгізген өзгерістер әңгімешінің байларға, басқалардан өздерін артық көретін адамдарға деген антипатияны айқын көрсете түскен. Жалдамалы қыз өзінің отбасы мен табын қорғаушы, күрескер ретінде суреттеледі.

### Екінші редакциядағы әңгімені жеткізуші-кейіпкер

Әңгімелеушінің миссис Монтжоймен, отбасы мүшелерімен және қонақтармен қарым-қатынасы оның әлеуметтік жағдайын көрсетеді. Айырмашылық тек байлар мен кедейлер



арасында ғана емес, білім деңгейінде де көрінеді. Монтжойдың қызы өзінің ақыл-ой қабілеттілігіне күмән келтіргенде, қызметші қыз таңғала қарайды. Себебі оның ауылындағы жастар қаншалық деңгейде білімді әрі көзі ашық болса да, қоршаған ортада күмәнмен қабылданып, «надандар» деп сол күйі төмендетілетін.

Қызметші қыз өзін мына жаңа ортаға лайықсыз, сезімсіз сезінеді. «Бұл сізге арналмаған» деген сөздерді қаншама рет естісе де, қызметші қыз өзін «жалғыз немесе қорланған» деп есептемейді. Әңгіменің соңына қарай қызметші қыз байлардың арасындағы екіжүзділікті әбден көріп, миссис Монтжойға былай дейді: «Менің сізге қызметші болуға не күшім, не қалауым жоқ».

Монро қызметші қыздың бойындағы өзіне деген сенімі теңдік құқығы үшін күресуінен көрінетінін айтады. Қызметші қыздың өзіне сенімділігі оның өзін миссис Монтжойдан әлдеқайда жоғары әрі мәртебелі сезінуінен байқалады. Әңгіменің басында миссис Монтжойдың қайығындағы суретті көріп, Гомердің «Одиссеясындағы» Навсия екенін таниды. Ал Монтжой болса, бұл суретті «Шекспирдің туындыларының бір кейіпкері» деп қателесіп жүрген.

## Соңы

Әңгіменің екі нұсқасы да сарайдағы қайықтарды суреттеумен аяқталады. Қызметші қыздың аралда жұмыс жасаған соңғы жексенбісінде кенеттен мистер Монтжой келіп, оған «Жеті готикалық ертегі» кітабын сыйға береді. Екі нұсқасында да Манро қызметші қыздың қожайынға қымсына алғыс айтқанымен, ішінен «бұл – баяғыдан-ақ менікі болған» деп ойлап тұрғанын жазады (1994, 2006).

Манро әңгімесінің алғашқы нұсқасында Монтжойдың қызы: «Менің де әкем сіздер секілді кедей болған» – дегенін жазады. Сөйтіп қызметші қыз әкесі қарапайым дәрігер болғандарға қызмет етуден бас тартады (1994). Бұл үзінді екінші нұсқадан алынып тасталған.

И. Дункан Манро әңгімесінің екінші нұсқасында әңгімелеуші-кейіпкердің тәрбиесіздігі мен агрессиясын жұмсартып суреттегенін, әңгіменің соңына қарай байларға кешіріммен қарағанын сипаттайды. Мистер Монтжойды қызметші қызға кітап сыйлауға мәжбүр еткен себептер туралы ойлана келе, ол былай дейді: «Мас па ол, жоқ па, бірақ, мен оның бұл әрекетінен жақсы ниетін байқадым... Бұл – мені осы сыйлыққа лайық деп тапқан адам. Осы кітапқа лайық деп тапқан адам».

Әңгіменің соңында әңгімелеуші-кейіпкер байдың отбасына келіп, оның мүшелерінің жанды жерлерін пайдаланғанына өкінеді. Енді кейіпкер жақсылықты мойындап қана қоймай, оны қабылдап отыр. Манро әңгіменің екінші нұсқасына енгізген өзгерістерге қарасақ, оның кейіпкері – қызметші қыз өзінің басқаларға қызмет етуге лайық еместігін, байлардың тәрбиесіздігі мен дәрежелігі олардың төмендігін дәлелдейтінін түсінеді. Сөйтіп, әлеуметтік шиеленіс күрделеніп беріледі.

## Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. И. Дункан өзі талдау жасаған туындыларындағы бай тап өкілдерін суреттеуде қандай айырмашылықтарды анықтайды?
2. Элис Манроның алғашқы және кейінгі нұсқаларындағы кейіпкерлердің арасында қандай айырмашылықтар бар?
3. Элис Манроның әңгімелеріндегі сын нысаны не?

## Әдебиеттер

4. Munro Alice. Sunday Afternoon. - Canadian Forum, 1957 (September).
5. Munro Alice. Hired Girl. - The New Yorker.- 1994. - 11 April.



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, III

Дәріс: 24. Элис Манроның «Жексенбі күні» және «Жалдамалы қыз» шығармаларындағы әлеуметтік тап мәселесі

---

6. Carrington Udiknde Papp. Controlling theUncontrollable: The Fiction of Alice Munro. - DeKalb IL: University of Northern Illinois Press, 1989.

7. Leech Geoffrey. The Distribution and Function of Vocatives in American and British English// Out of Corpora: Studies in Honour of Stig Johansson. - Amsterdam: Rodopi, 1999.

8. Lyons John.Semantics. - Vol. 2. - Cambridge: Cambridge University Press, 1977.

9. Quirk Randolph, Sidney Greenbaum, Geoffrey Leech, Jan Svartnik.A Comprehensive Grammar of the English Language. - London: Longman, 1990

10. Ritnstcad Roxanne.Remnants of Nation: On Poverty Narratives by Women. -Toronto: University of Toronto Press, 2001.